

**Қордай аудандық Қоғамдық кеңестің кезекті отырысының
№13 хаттамасы**

**Қордай ауылы
«AMANAT» партиясының мәжіліс залы**

**21.10.2025 жыл
сағат 10:00**

Қатысқандар: Қордай ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі басшысы – Т.Қабылтай, Қордай ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы – Г.Досалиева, Тілдерді оқыту орталығы КММ директоры – Б.Ыбышева, Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің бас маманы – Е.Байбек, Қордай ауданының білім бөлімінің бас маманы – А.Қалдарбеков, БАҚ өкілі.

Қатысқандар: - Қордай аудандық Қоғамдық кеңес мүшелері – 9 адам.

Қатыспағандар: - 1 адам (К.Ағыбаева – денсаулығына байланысты).

Төрағалық етуші: - Н.Молдабеков

Күн тәртібі:

1. Ауданда үйлесімді қоғамдық қатынастарды дамыту, елімізде тұратын барлық этностар арасында қазақ халқының тілін, тарихын, дәстүрлерін, гуманитарлық және адамгершілік қағидаттарын танымал етуге ықпал жасау жөніндегі атқарылған жұмыстары туралы;
2. Ауданда абаттандыру, санитарлық – тазалық жұмыстарының орындалуы туралы;
3. Аудан әкімінің өкіміне және Жамбыл облысының прокурорының хатына сәйкес Құқықбұзушылықтың алдын алу, оған қоғамды кеңінен тарту және кәмілетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың профилактикасы туралы;
4. Әртүрлі мәселелер (Аудандық мемлекеттік кіріс басқармасының кіріс көздерін есепке алу мониторингі және жоспарлы кірістің орындалуын зерделеу және аудандағы жастар ұйымдарымен жүргізіліп жатқан жұмыстарды зерделеу).

Н.Молдабеков: Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша – Қоғамдық құқықтық тәртіпті сақтау, азаматтардың құқықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, әлеуметтік-мәдени салалар және қоғамдық, үкіметтік емес ұйымдармен байланыс мәселелері жөніндегі комиссия төрағасы – М.Аманбаева баяндайды,- деді.

Аманбаева М: Өз сөзінде, Қордай аудандық Қоғамдық кеңесінің 2025 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес, Қордай ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі мен мәдениет және тілдерді дамыту бөлімдерінің мемлекеттік тіл саясатын іске асыру, этносаралық келісімді нығайту және қоғамдық тұрақтылықты қамтамасыз ету бағытындағы қызметіне зерделеу жұмыстары жүргізілді.

Зерделеу барысында аудан әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі тарапынан мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту, этностар арасында қазақ тілін үйрету және насихаттау бағытындағы жұмыстары қаралды.

Бөліммен аудан аумағында көрнекі ақпарат пен жарнамалардың Тіл туралы заң талаптарына сәйкестігіне жыл басынан бері 41 рейд жүргізіліп, 706 нысан қамтылған. Заң талаптарына сай келмеген жазулар бойынша түзету жұмыстары ұйымдастырылып, кәсіпкерлермен түсіндіру кездесулері өткізілген.

Сондай-ақ, зерделеу барысында мемлекеттік мекемелердегі құжат айналым мәселесіне де назар аударылды. Бүгінгі күнге 99 пайыздан астамы мемлекеттік тілде жүргізілуде, мемлекеттік қызметшілердің барлығы қазақ тілін еркін меңгерген.

Бүгінгі күнге бөлімге қарасты Тілдер орталығының 2025 жылға арналған жоспарына сәйкес 1400 адамның 991-і курсқа қатысқан. Қатысушылардың 98%-дан астамы өзге ұлт өкілдері. Атап айтқанда: дүнген, орыс, әзірбайжан т.б этнос өкілдері қамтылған. Қазақ тілін оқыту курстары 9 оқу кабинетінде ұйымдастырылған. Кабинеттер Сортөбе, Масаншы, Қарасу және Қордай ауылдық округтерінде орналасқан.

Орталықтың штаттық құрылымы 16 бірлікті құрайды. Оның ішінде бүгінге күнге 5 бірлік ваканттық орын.

Сонымен қатар, Қоғамдық кеңес мүшелері бекітілген сабақ кестесіне сәйкес бірқатар мекемелерге барып, нақты жағдайды көзбен көріп, қызметкерлермен тілдестік. Сортөбе ауылдық округі әкімдігінде қазақ тілі мұғалімі Жұмахан Эльмира өз міндетін сабақ кестесіне сай атқарып жатқаны анықталды. Ал, кейбір мекемелерде жұмыс тәртібі мен сабақ процесін ұйымдастыруда олқылықтар байқалды. Атап айтқанда, «Жасөспірімдер шығармашылығы орталығында» Ерменова Салима есімді мұғалім жұмыс орнында болмаған, мекемеде өзге де қызметкерлер кездеспеді. «Бүлдіршін» бөбекжай-бақшасында қақпа құлыптаулы болғандықтан, ғимарат аумағына кіру мүмкін болмады. Лермонтов атындағы орта мектепте де мұғалім мен оқушылар болмаған.

Жоғарыдаларды баяндай келе орталықтағы 5 ваканттық бірлікті толықтыру бойынша нақты шаралар қабылдау және мекемелерде сабақ кестесінің сақталуын жүйелі түрде қадағалау ұсынылады.

Аудан әкімдігінің ішкі саясат бөліміне жүргізілген зерделеуге келер болсақ: Жалпы бүгінгі күнге аудан аумағында этносаралық ахуал тұрақты. Жыл басында этносаралық келісімді нығайтуға арналған жоспарлар бекітіліп, олардың аясында 70-тен астам мәдени, спорттық, ақпараттық іс-шаралар ұйымдастырылған. Олардың қатарында Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына орай өткізілген онкүндік, 1 наурыз – Алғыс айту күні және «Бейбітшілік пен келісім» жобасы аясындағы іс-шаралар бар. Бұл жұмыстарға жалпы 10 мыңнан астам тұрғын қамтылған. Сондай-ақ, «Бейбітшілік пен келісім» жобасы шеңберінде этнос өкілдері тығыз шоғырланған 9 ауылдық округте 30-дан астам кездесу, семинар, түсіндіру жұмыстары өткізілген.

Зерделеу барысында Ақсақалдар мен Аналар кеңесінің жұмысы қаралды. Жыл басынан бері бұл кеңестер 21 кездесу ұйымдастырып, 1200-ге жуық адам қамтылған.

Зерделеу барысында өзге этнос өкілдерінің әскери борышын өтеуге белсенді тартылып жатқаны да атап өтілді. 2025 жылдың көктемгі әскерге шақыру науқаны кезінде өзге этнос өкілдерінің үлесі 38 пайызын құрағаны анықталды.

Сонымен қатар, Қоғамдық кеңес мүшелері Қазақстан халқы Ассамблеясының аудандық құрылымына мән берілді. Оның құрамына этномәдени бірлестіктердің жетекшілері, қоғамдық ұйым өкілдері мен белсенді азаматтар тартылған. Қоғамдық кеңес мүшелері аталған мәселе бойынша Ассамблеяның құрылымына аса мән беріп, бақылауда ұстауды ұсынды. Бұл құрылым аудан тұрғындары арасында бірлік пен достықты нығайтатын маңызды құрал екендігін атап өтті.

Бұдан бөлек, бөлім жұмысы бойынша аталып өтетін бірнеше бағыттар бар екенін атап өткен жөн. Зерделеу барысында бөлім басшысының жұмыс орнында болмауына байланысты ақпаратты толық алуға мүмкіндік болмады. Жалпы атап айтқанда, бөліммен аталған бағытта аудан бойынша партиялармен тығыз байланысты орнатып, күрделі жиналыстарда олардың қатысуын қамтамасыз етіп, пікір ауысып жан-жақты жұмыс жүргізуді қамтамасыз ету ұсынылады. Бүгінгі күнге бөліммен және оған қарасты Жастар орталығының ұйымдастырып жатқан іс-шараларына аудандық партиялар мен ұйымдар қатысып жатырма!?, партиялардың басын қоса отырып, аудандағы этносаралық, саяси тағы да басқа мәселелерді шешу бағытында жұмыстар жүргізілдіме?, осы мән жағдайларды назарға алу ұсынылады.

Мұнымен қоса қоғамдық қатынастарды дамыту бағытында діни ахуал маңызды. Бүгінгі күнге аудан аумағында діни бірлестіктер мен олардың жай-күйін бақылауда ұстауды қажет етеді. Бізге мәлім болған жайт аудан орталығында жаңадан діни білім беретін орын ашылған екен. Аталған орынға зерделеу жүргізілгенбе? Заң талаптарына сәйкес зерделендіме? Қандай шаралар қабылданды, осы мәселе бойынша жауап беріп өтсеңіз, - деп сөзін аяқтады.

Баяндама аяқталды, Сұрақтарыңыз бар ма? Жок.

Н.Молдабеков: Аталған мекеме басшылары сұрақтарға жауап береді (Т.Қабылтай, Г.Досалиева, Б.Ыбышева).

Т.Қабылтай: Ауданда 2025 жылдың 9 ай қорытындысымен этносаралық тұрақты. 2025 жылға ауданда этносаралық татулықты дәріптеу мақсатында барлық іс-шаралар бекітілген және жоспарға сәйкес барлық іс шаралар өткізілді. Өткізілген барлық іс-шаралар әлеуметтік желілер мен БАҚ беттерінде тұрақты түрде жарияланып, көпшілік назарына ұсынылуда. Қазақ тілін дамытуда білім бөлімімен ауылдарда семинар-практикумдар, дөңгелек үстел, байқаулар өткізіліп, оқушыларға мемлекеттік тілде клубтар, үйірмелер жұмыс істеп жатыр және Жамбыл облысы бойынша мемлекеттік тілді оқытудың 2024-2026 жылдарға арналған Жол картасына сәйкес тілдерді оқыту орталығында 2025 жылға жоспар 1400 адам болса, 2021 жылдың 1 тамызына 64 топта қазақ тілі курсымен қамтылғандар саны-946 адам немесе 67,6 пайызды құрайды. Сонымен қатар, Өзге этнос өкілдерінің әскер қатарына шақырылуы әскерге бару үлесі де өсуде.

Б.Жамангозов: Мұнымен қоса қоғамдық қатынастарды дамыту бағытында діни ахуал маңызды. Бізге мәлім болған жайт аудан орталығында жаңадан діни білім беретін орын ашылған екен. Аталған орынға зерделеу жүргізілгенбе? Заң талаптарына сәйкес зерделендіме? Қандай шаралар қабылданды, осы мәселе бойынша жауап беріп өтсеңіз.

Т.Қабылтай: Қай жерде, Масанчи де ме, ол жерде жоқ.

Б.Жамангозов: Қордай ауылында, - деді. Діни интернат ретінде тіркелген. Сол жөнінде хабарыңыз бар ма, балаларды жинап алып оқытып жатыр. Кәмілетке толмаған балаларды діни мәселеге тартуға құқық жоқ екенін білесіз.

Т.Қабылтай: иә, бар олар діни білім мекеме болып тіркелмеген, барып тексеру біздің құқымызымға жатпайды, - деп жауап берді.

Н.Молдабеков: Жоғарыдан тапсырма келсе сіздер жұмыс істейсіздер.

Б.Жамангозов: Бұл мекеме бірнеше рет әкімшілік жауапқа тартылды, бірақ ол жерде жабық түрде оқытылады, ол жерде поварлары да оқиды. Сіз бұл мәселе туралы білмегеніңізді көрсетіп тұрсыз. Сіздің міндетіңіз құзырлы органдарға жүгіну қажет болатын, бірақ сізден ондай жауап жоқ.

Н.Молдабеков: Бұл мәселе бойынша дұрыс жұмыс атқарыңыздар, ауданның тыныштығы маңызды.

Т.Қабылтай: Қабылданды.

Н.Молдабеков: Сұрақтарыңыз жоқ па, жоқ.

Б.Жамангозов: «Жасөспірімдер шығармашылығы орталығында» мұғалім жұмыс орнында болмаған, мекемеде өзге де қызметкерлер кездеспеді. «Бүлдіршін» бөбекжай-бақшасында қақпа құлыптаулы болғандықтан, ғимарат аумағына кіру мүмкін болмады. Лермонтов атындағы орта мектепте де мұғалім мен оқушылар болмаған. Вакант болған жерде мұғалімдерді қабылдау керек.

Б. Ыбышева: Сынға алынған мәселерге нақты жауап берді.

Н.Молдабеков: сұрақтарыңыз бар ма, сұрақтарыңыз жоқ болса шешім жобасы алдарыңызда, қабылдансын десеніздер, дауысқа саламын,- деді. Қарсы, қалыс жоқ. Бекітілсін. Шешім қабылданды.

Қазақстан Республикасы «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының бабының 3 тармақшасына сәйкес Қоғамдық кеңес **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

16

1. Қоғамдық кеңестің Қоғамдық құқықтық тәртіпті сақтау, азаматтардың құқықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, әлеуметтік-мәдени салалар және қоғамдық, үкіметтік емес ұйымдармен байланыс мәселелері жөніндегі комиссиясының мүшесі М.Аманбаеваның анықтамасы назарға алынсын.

2. Қордай ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің басшысы Т.Қабылтайға:

1) Этномәдени бірлестіктердің жұмысын тұрақты жүргізілуін бақылау;
2) Ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізуді күшейту;
3) «Бейбітшілік пен келісім» жобасы аясында тіл, дін бағытында іс-шараларды тұрақты форматта жалғастыру.

3. Қордай ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы С.Балпуковаға:

1) Көрнекі ақпараттардың заңға сәйкестігін бақылау жұмысын жалғастыру.

4. Қордай ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің Тілдер орталығының директоры Б.Ыбышеваға:

1) Қазақ тілін оқыту курстарының өткізілу тәртібін қадағалау;
2) Ваканттық орындарды толықтыру;
3) Мемлекеттік тілді насихаттайтын шараларды тұрақты жүргізу;

5. Аудан әкімі Б.Болатбековке зерделеу қорытындысы мәлімет үшін ұсынылсын.

6. Қабылданған шаралар туралы ақпаратты Қордай аудандық Қоғамдық кеңесіне ағымдағы жылдың қараша айының 21-не дейін жолдау.

7. Осы шешімнің орындалуын бақылау Қоғамдық кеңестің Қоғамдық құқықтық тәртіпті сақтау, азаматтардың құқықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, әлеуметтік-мәдени салалар және қоғамдық, үкіметтік емес ұйымдармен байланыс мәселелері жөніндегі комиссиясына жүктелсін (төрағасы Б.Жамангозов).

Н.Молдабеков: Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша «Аграрлық саясат, табиғатты және жер ресурстарын пайдалану, техногендік үрдістер, жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту, кәсіпкерлікті дамыту» мәселелері жөніндегі комиссия мүшесі – Е.Абилдаев баяндайды.

Е.Абилдаев ауданда абаттандыру, санитарлық – тазалық жұмыстарының орындалуы туралы толық баяндап берді. (Баяндама тіркелінді).

Н.Молдабеков: Н.Молдабеков: Баяндамашыға сұрақтарыңыз бар ма, жоқ. Олай болса, осы сұрақ бойынша аудандағы абаттандыру бойынша атқарылып жатқан жұмыстары бойынша тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің бас маманы – Е.Байбек жауап береді,- деді.

Е.Байбек: Бұл мәселе бойынша, яғни аудандағы абаттандыру, санитарлық, тазалық жұмыстарына сәйкес және «Таза Қазақстан» акциясы аясында елді мекендер мен аулалардың отырғызылды, 200 м2 көгал орналастырылды, 20 шақырым арық және канал бойлары тазаланды, 1900 тонна кездейсоқ күл-қоқыс шығарылды және жалпы 9 сенбілікке 8550 адам қатысты. Көптеген ауқымды іс-шаралар өтіп, нәтижесінде 6500 ағаш отырғызылды, 25 шақырым арық және канал бойлары тазаланды, 2500 тонна кездейсоқ күл-қоқыс шығарылды және ауқымды іс-шараларға 12300 адам қатысты.

Елді мекендерді көгалдандыру мақсатында және «Жасыл белдеу» бағдарламасы аясында аудан бойынша 20 мың ағаш отырғыру жоспарланды. Қазіргі таңда демеушілер көмегімен аталған жер телімдерінде қоршау және суғару жүйелерін реттеу жұмыстары жасалып, бағдарлама аясында 13700 түп ағаш отырғызылды. Жоспардағы ағаштар жыл соңына дейін отырғызылатын болады.

«Таза Қазақстан» акциясы аясында телеграмм-бот іске қосылды. Аудан бойынша халықтан аталған чатқа 85 өтінім түсіп барлығы уақтылы орындалды. Сонымен қатар, «Қазақстан ғарыш сапары» АҚ-мен ауданда жалпы белгіленбеген орындарға қоқыстар тасталған 41 нүкте анықталып, бүгінгі күнге бөлім тарапынан анықталған ауылдарға ұсыныс беріліп, осы нүктелер толығымен жойылды. Қазіргі таңда, «Таза Қазақстан» акциясы және аудан әкімінің «Күзгі абаттандыру, көгалдандыру және санитарлық, тазалық жұмыстары туралы» қаулысына сәйкес тиісті жұмыстар атқарылуда. Нәтижесінде 2600 ағаш тонна отырғызылды, 155 м2 гүлзар, 180 м2 көгал орналастырылды. 15 шақырым арық және канал бойлары тазаланды. 1500 м2 саябақтар мен скверлер тазаланды, 750 қоқыс шығарылды және 6 сенбілікке 5100 адам қатысты.

Аудан әкімдігінің Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі алдағы уақытта да аудандағы абаттандыру, көгалдандыру және санитарлық, тазалық жұмыстарының орындалуын басты назарда ұстайды, тиісті шараларды қабылдайтын болады.

Н.Молдабеков: Аудан әкімдігінің Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің бас маманына сұрақтарыңыз бар ма, жоқ болса Шешім жобасы қолдарыңызда бар. Қандай ұсыныстарыңыз бар? Алып қосатындарыңыз бар ма? Егер қосымша ұсыныстарыңыз жоқ болса, дауысқа салып бекітулеріңізді сұраймын. Қарсы? Қалыс? – жоқ. Бекітілсін. Шешім қабылданды.

Қазақстан Республикасы «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының 16 бабының 3 тармақшасына сәйкес Қоғамдық кеңес **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Қордай ауданы әкімдігінің тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің бас маманы Е.Байбектің ауданда абаттандыру, санитарлық – тазалық жұмыстары туралы 2025 жылы анықтамасы назарға алынсын;

2. Қордай ауданы әкімдігінің тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөліміне күзгі мерзімдегі елді мекендерді көгалдандыру мақсатында «Жасыл белдеу» бағдарламасы аясында Қордай ауданы бойынша ағымдағы жылдың жиырма мың ағашын отырғызуды бақылауға алынсын және ауыл әкімдерімен бірлесе ұйымдастыру ұсынылсын;

3. «Таза Қазақстан» республикалық акция бағдарламасына сәйкес аудандағы елді мекендерін көгалдандыру, абаттандыру, санитарлық – тазалық жұмыстары тұрақты бақылауға алынсын, тұрғындармен түсіндіру – аулаларын таза ұстау, тұрмыстық қалдық, қоқыстарды келісім – шарт негізінде полигондарға жөнелтуді талап етілсін және ауыл әкімдіктерімен бірлесе көше, үй, квартал комитеттерін құру ұсынылсын;

4. Аудан елді мекендердегі абаттандыру, көгалдандыру, санитарлық – тазалық жұмыстары бойынша атқарылып жатқан іс – тәжірибе, жетістіктер мен жіберілген қателіктерді уақытысында сынға алынып, тиісті шаралар қабылданын;

5. «Таза Қазақстан» республикалық акция бағдарламасы бойынша атқарылған жұмыстарды аудан тұрғындарына баспасөз құралдары арқылы тұрақты түрде жариялансын, тазалықты қалыптастыруға үндеуді іске асыру ұсынылсын;

6. Осы шешімнің орындалуын бақылау Аграрлық саясат, табиғатты және жер ресурстарын пайдалану, техногендік үрдістер, жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту, кәсіпкерлікті дамыту мәселелері жөніндегі комиссиясына жүктелсін (төрайымы К.Ағибаева).

Н.Молдабеков: Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша – Қоғамдық құқықтық тәртіпті сақтау, азаматтардың құқықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, әлеуметтік-мәдени салалар және қоғамдық, үкіметтік емес ұйымдармен байланыс мәселелері жөніндегі комиссия төрағасы – Б.Жамангозов баяндайды.

Б.Жамангозов: Өз сөзінде, Қоғамдық кеңеспен ағымдағы жылдың 15-16 қазанында Жамбыл облысы әкімдігінің Білім басқармасының Қордай аудандық білім бөліміне оқушылар

арасында қылмыс пен құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша атқарылған жұмыстары зерделенді.

Жамбыл облысы прокуратурасының Зандылықтың бұзылуын жою туралы ұсынуына сәйкес аудан аумағында балаларға қатысты қылмыстар өскен.

«Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» ҚР Заңының 11 бабына сәйкес білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілері арасында құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі іс-шараларды өткізуге міндетті екендігі көрсетілген.

Бүгінгі күнге аудандағы 48 жалпы білім беру мектебінде 27 629 оқушы білім алуда. Олардың оқу-тәрбие процесіне 2832 педагог қатысады. Психологиялық және әлеуметтік қолдау көрсету мақсатында 66 мектеп психологы, 48 әлеуметтік педагог, 67 тәрбие ісі жөніндегі директор орынбасары жұмыс атқаруда.

Білім бөлімінің есебі бойынша, қазіргі таңда аудандық полиция бөлімінде 18 оқушы профилактикалық есепке алынған. Мектепшілік бақылауда 33 оқушы бар. Сондай-ақ, аудан аумағында 28 жайсыз отбасы тіркелген, онда 49 мектеп жасындағы бала тәрбиеленуде.

Зерделеу қорытындысы бірқатар мәселелерді анықтады.

Атап айтқанда, білім бөлімі тарапынан профилактикалық шаралар жеткілікті деңгейде жүргізілмеген. Бұған дәлел ретінде білім бөлімі жанындағы кеңестерде, алқа отырыстарында (балалар арасында қылмыстық құқық бұзушылық профилактикасы, ерте жүктілік, суицидтің алдын алдын алу т.б) аудандық ювеналды полиция бөлімімен бірлесе қаралмаған, хаттамалық тапсырмалар мүлде жоқ.

Сонымен қатар кәмелетке толмағандармен қоғамдық орындарда жасалған қылмыс деректері бар.

Өздеріңізге белгілі ағымдағы жылдың 20 мамыр күні сағат 22:00 шамасында Масаншы ауылында орналасқан №13 орта мектеп оқушылары мен Қаракемер ауылының №14 орта мектеп оқушылары арасында түсінбеушілік болып, соңы топтық төбелеске алып келген. Нәтижесінде, 5 оқушы дене жарақатын алып, ауруханаға түскен.

Бұдан бөлек 2024 жылы №26 орта мектебінің оқушысы өзіне-өзі қол жұмсау фактісі орын алған.

Аталған деректер өз кезегінде аудандық білім бөлімі мен мектеп әкімшілігі, мектеп психологтары тарапынан тиісті бақылау жоқтығын көрсетеді.

Білім бөлімінің мәліметіне сәйкес, ағымдағы жылдың 1 тамызынан кешкі оқыту орта мектебі жабылған. Аталған мектепте өткен оқу жылы 168 оқушы 10-сыныпты аяқтаған. Яғни 168 оқушы бүгінгі күні 11 сыныпты жалғастыру керек. Алайда зерделеу барысында аудандық білім бөлімінен бұл оқушылардың нақты колледжде білім алып жатқаны, немесе мектептерде оқумен қамтылғаны, сондай-ақ олардың ішінде кәмелет жасына толып, жалпы орта білім туралы аттестат ала алмайтын оқушылардың бар-жоғы жөнінде нақты ақпарат ала алмадық. Бүгінгі таңда жабылған мектептің 11 сыныптың 168 оқушысының оқумен қамтылғандары белгісіз болып отыр.

«Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» ҚР Заңының 12 бабына сәйкес білім беру ұйымдары девиантты мінез-құлықты кәмелетке толмағандарды, тұрмысы қолайсыз отбасыларын анықтауға, оларды ішкі істер органдарында есепке алуға және олармен жеке профилактикасы шараларын жүргізуге міндетті.

Дегенмен, жайсыз отбасы тізіміне алынбаған деректер облыс прокуратурасының ұсынымында көрсетілген. Оларға қатысты жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстар тіркелген (Сұлутөр ауылындағы жағдай: 26.07.2025 жылы Қордай ПБ-мен кәмелет жасқа толмаған 21.09.2011 ж.т. «С.Д.Р» 2019-2025 жыл аралығында жыныстық қатынасқа түсу фактісі бойынша Қылмыстық Кодекстің 120 бабының 4 бөлігімен қылмыстық іс тіркелген).

Сонымен қатар Заңның 12 бабының 3 тармағына сәйкес білім беру ұйымдары дәлелсіз себептермен жалпы білім беретін оқу орындарына бармайтын кәмелетке толмағандарды анықтауды жүзеге асырады. Білім бөлімімен 2025 жылғы қазан айында жүргізілген салыстыру жұмысының қорытындысына сәйкес аудан бойынша сабаққа себепсіз келмейтін 9 оқушының тізімі жасақталған.

Осыған байланысты оларды есепке алып, олармен және олардың ата-аналарымен жеке профилактикалық шараларды жүргізу қажет (Олар: Сортөбе-2, Масанчи-3, Қарасу-1, Байтерек-1, Отар-1, Гвардейский-1).

Жасақталған 9 оқушылардың барлығы ағымдағы жылдың мамыр айында есепке алынса, яғни оқу жылының 1 қыркүйегінің бүгінгі күнге дейін бірде-бір бала анықталмаған. Осыған байланысты сабаққа келмей жүрген балаларды есепке алып, ата-аналарымен жеке профилактикалық шараларды жүргізу қажет.

Бұл жағдайға аудандық білім бөлімі, мектеп әкімшілігі аса мән беріп, жергілікті атқарушы және полиция бөлімімен бірлесе отырып, тиісті шараларды қабылдау қажет.

Бұдан бөлек білім бөлімімен мектеп оқушыларының арасында жоғары назар аударуды талап ететін кәмелетке толмағандардың тізімі қалыптастырылған (73 оқушы). Бұл тізім 3 бағыт бойынша бөлінген: әлеуметтік жағдайы төмен, мінез-құлық ауытқуы бар және есепте тұрған балалар. Алайда бұл тізім формалды сипатта қалып кетпей, олармен мақсатты жұмыс жүргізу қажеттілігін айтып өткім келеді.

Құрметті әріптестер, бұл мәселелер біздің балаларымыздың тағдырына, болашағына тікелей қатысты. Сондықтан барлық мүдделі тараптардың бірлесе отырып, шынайы, жүйелі, жауапты жұмыс жүргізуі керек. Анықталған мәселелердің барлығы құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша жұмыстың жеткілікті деңгейде жүргізілмей отырғанын құзырлы органдардың жүргізген талдау нәтижелері көрсетті. Осыған байланысты Қоғамдық кеңес тарапынан келесі ұсыныстарды енгіземіз:

- 1) Білім бөлімі мен мектеп әкімшіліктерінің жанындағы кеңес, алқа отырыстарында ювеналды полициямен бірлесе отырып құқықбұзушылықтың, суицидтің және ерте жүктіліктің алдын алу мәселелерін тұрақты қарастыруды қамтамасыз ету;
- 2) Қоғамдық орындарда орын алған жанжалдарға талдау жасап, себептерін жоюға бағытталған кешенді іс-шаралар жоспарын бекіту;
- 3) Қауіп тобындағы оқушылармен мектеп психологтары, әлеуметтік педагогтар және тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлар нақты жұмыс жүргізіп, ай сайын есеп беріп отыру;
- 4) жабылған кешкі оқыту орта мектептің 168 оқушының орта білім алуын қатаң бақылауға алып, тиісті шараларды қабылдау;
- 5) Жайсыз отбасыларды уақтылы анықтап, тиісті бақылауға алу;
- 6) Сабаққа себепсіз келмейтін оқушылармен және олардың ата-аналарымен жеке профилактикалық жұмыс жүргізіп, оларды уәкілетті органдармен тұрақты түрде бақылауға алу;
- 7) 73 оқушыдан тұратын жоғары назар аударуды талап ететін тобымен мақсатты және нақты жұмыс жүргізу, жеке істерін ашып, бақылауға алу,- деп баяндамасын аяқтады.

Н.Молдабеков: Баяндама аяқталды, Сұрақтарыңыз бар ма? Жок.

Н.Молдабеков: Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Қордай ауданының білім бөлімі басшысы Аширбеков С сұрақтарға жауап беруі қажет еді, бірақ ВКС отыр, орынбасары сотта отыр, бас маман семинарда екен.

Н.Молдабеков: Шешім жобасы қолдарыңызда бар. Қандай ұсыныстарыңыз бар?

Алып қосатындарыңыз бар ма? Егер қосымша ұсыныстарыңыз жоқ болса, дауысқа салып бекітулеріңізді сұраймын. Қарсы? Қалыс? –жөк. Бекітілсін. Шешім қабылданды.

Қазақстан Республикасы «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының 16 бабының 3 тармақшасына сәйкес Қоғамдық кеңес **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Қоғамдық кеңестің қоғамдық құқықтық тәртіпті сақтау, азаматтардың құқықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, әлеуметтік-мәдени салалар және қоғамдық, үкіметтік емес ұйымдармен байланыс мәселелері жөніндегі комиссиясының төрағасы Б.Жамангозовтың анықтамасы назарға алынсын.

2. Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының білім бөлімінің басшысы С.Аширбековке, аудандық полиция бөлімі басшысының міндетін атқарушы Р.Оскенбаевқа:

1) Білім бөлімі мен мектеп әкімшіліктерінің жанындағы кеңес, алқа отырыстарында ювеналды полициямен бірлесе отырып құқықбұзушылықтың, суицидтің және ерте жүктіліктің алдын алу мәселелерін тұрақты қарастыруды қамтамасыз ету;

4) Ағымдағы жабылған кешкі оқыту орта мектептің жүз алпыс сегіз оқушыларының орта білім алуын қатаң бақылауға алып, тиісті шараларды қабылдау;

5) Мектеп оқушылары арасында жайсыз отбасылар санатына жататын балалардың тізімін жасақтап, тиісті шараларды жүргізу;

6) Сабаққа себепсіз келмейтін оқушылармен және олардың ата-аналарымен жеке профилактикалық жұмыс жүргізіп, оларды уәкілетті органдармен тұрақты түрде бақылауға алу;

7) Жетпіс үш оқушыдан тұратын жоғары назар аударуды талап ететін тобымен мақсатты және нақты жұмыс жүргізу.

3. Қордай аудандық Қоғамдық кеңесінің кезекті отырысының шешімін Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының Қордай аудандық білім бөлімінің басшысы С.Аширбековке заң аясында тиісті шара қолдану үшін жолдау.

4. Аудан әкімі Б.Болатбековке зерделеу қорытындысы мәлімет үшін ұсынылсын.

5. Қабылданған шаралар туралы ақпаратты Қордай аудандық Қоғамдық кеңесіне ағымдағы жылдың қараша айының 21-недейін жолдау.

6. Осы шешімнің орындалуын бақылау Қоғамдық кеңестің Қоғамдық құқықтық тәртіпті сақтау, азаматтардың құқықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, әлеуметтік-мәдени салалар және қоғамдық, үкіметтік емес ұйымдармен байланыс мәселелері жөніндегі комиссиясына жүктелсін (төрағасы Б.Жамангозов).

Күн тәртібіндегі барлық сұрақтар қаралды. Шешім жобасы талқыланды. Сіздерге көп рахмет.

Әр түрлі мәселелер бойынша қараша айында қаралатын мәселе, ол «аудандық мемлекеттік кіріс басқармасының кіріс көздерін есепке алу мониторингі және жоспарлы кірістің орындалуын зерделеу және аудандағы жастар ұйымдарымен жүргізіліп жатқан жұмыстарды зерделеу». Осы мәселелерді зерделеу «Бюджет, қаржы және құрылыс, көлік және коммуналдық шаруашылық салаларын қолдау мәселелері жөніндегі комиссия» (төрайымы А.Т.Алматаева) мен «Қоғамдық құқықтық тәртіпті сақтау, азаматтардың құқықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, әлеуметтік-мәдени салалар және қоғамдық, үкіметтік емес ұйымдармен байланыс мәселелері жөніндегі комиссиясына» (төрағасы Б.Т.Жамангозов) жүктелсін.


Молдабеков Н.С.: Осымен Қоғамдық кеңестің кезекті отырысын жабық деп жариялаймын.

Қоғамдық кеңес төрағасы



Н.Молдабеков

Қоғамдық кеңес хатшысы



Р.Имашева